

Тараз 4-ЖЭО-на отындық мазут босату туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 6 сәуірдегі N 61

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті 1998 жылдың 1 тамызына дейін қайтарылатын етіп, қарыз беру және республикалық бюджет кірісіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша, Жамбыл облысы әкімінің кепілдік міндеттемесі бойынша тауарлық несиені пайдаланған кезеңге ақы төлеу тәртібімен мемлекеттік резервтен Тараз 4-ЖЭО-на 10321 тонна отындық мазут босатсын.

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р